

"Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 156 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 11 қаңтардағы N 98 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1394. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 385 (V032591) қаулысымен.

Ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында облигацияларды орналастыру және айналысының рәсімін оңтайландыру мақсатында "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңының 10-бабы екінші азатжолының, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 33-бабы 2-тармағының және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 3), 17) және 22) тармақшаларының негізінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. "Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 156 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 ақпанда 263 нөмірмен тіркелген Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы ережеге (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1997 ж., 92-100-беттер; "Рынок и право". "Рынок ценных бумаг Казахстана" журналына қосымша, 2000 ж., N 5(10), 12-бет):

1) N 1а қосымша мынадай мазмұндағы 7-1 тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Егер эмитент ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында облигацияларды орналастыруды және/немесе айналысын жобаланған жағдайда - сауда-саттық ұйымдастырушының осы облигацияларды осы сауда-саттық

ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі айналысқа рұқсат етілген бағалы қағаздардың ресми тізіміне енгізу мүмкіндігі туралы қорытындысы (листингтің осы облигациялар сәйкес келетін санатын көрсетумен).";

2) N 2 қосымшаның 17-тармағы мынадай мазмұндағы д-1) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"д-1) эмитенттің облигацияларды листингтің осы облигациялар сәйкес келетін санатын көрсете отырып сауда-саттық ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі айналысқа рұқсат етілген бағалы қағаздардың ресми тізіміне енгізу бастамасы жөніндегі ниеті туралы мәлімет";

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) мемлекеттік емес облигациялар эмитенттерінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) мемлекеттік емес облигациялар шығаруға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң Т ө р а ғ а с ы
Ұлттық комиссияның мүшелері